

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.10.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/144963/>

Қыз алып қашу — Кавказ, Қырғыстан, Эфиопия сонымен қатар біздің елімізде осы әдет-ғұрып сақталған. Салт- дәстүр деймізбе әлде қылмыстық іспе?

Бірақ бүгінгі таңда әлемнің көптеген елдерінде бұл заңды неке емес, қылмыс болып саналады. Ұлтымыздың салт-дәстүрлері жетіп артылады. Қызды алып қашу көнеден бүгінге дейін сақталып келе жатқан дәстүр. Осы салт-дәстүрді көпшілік дұрыс түсінбей жатады. Негізінде қыз алып қашу –қазақ халқының қанына сіңген үрдіс. Дәстүрлі қазақ қоғамында кейде жол-жоралғы жасап, қалың мал беруге шамасы келмейтін жігіт ұнатқан қызын өзара келісіммен алып қашқан. Яғни, қыз алып қашу өз заманында қоғамның қажеттілігіне орай пайда болған дәстүр. Соңғы уақытта көп талқыланып жүрген қыз алып қашу туралы сан түрлі пікірлер бар. Егде жастағы кісілер қызды алып қашуды дұрыс санаса, ал жастар көп жағдайда аталмыш салтты көп қолдай бермейді. Махаббат пен сүйіспеншілікке құрылмаған отбасының ертеңі жоқ деп те айтып жатады. Менің ойымша қазіргі таңда алып қашу салтының қызығы тарап қызуы басылған секілді. Неге?

Себебі қазіргі таңда адам құқығы жөніндегі уәкілдің бастамасымен Қылмыстық кодекске «Неке қию мақсатында адамды ұрлау» деген 125-1 бапты енгізу туралы ұсыныс жолданды. Қыз алып қашу екі тарап арасында келісім болған жағдайда бұл қылмыс емес. Ал келісімсіз алып қашу – нағыз қылмыс! Осыған орай әлеуметтік желідегі оқырмандарға

«Сіздің ойыңызша қызды алып қашқан дұрыспа?» — деген сауалнама қойдық. Оқырманның 86 пайызы «жоқ», ал 14 пайызы «иә» деген жауап берді.

Қорыта келгенде бала ер жетіп, қыз бойжеткен шақта әрбір ата-ана «ұлын ұяға, қызын қияға қондыруы» парыз. Бірақ «қыз мұраты – кету» екен деп әй-шәй жоқ, көлденең жүрген көк аттыға ешкімнің де тигісі келмесі анық. Адам тағдыры, сезім, түсінік деген «дүниелерді» ескермей, жалғанды жалпағынан басып жүргендер қаншама? Қыз алып қашу қыз бен жігіт жағы өзара келісіммен, сөз байласуымен болатын салт-дәстүр. Бірақ, дәстүрді бұрмалауға болмайды.

Сағымбаева Асемай

Журналистика 3 курс студенті

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.